КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР
ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
АКТИВОВ И ЗАКУПОК
ШИЕЛИЙСКОГО РАЙОНА»
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«15» 08 2019 ж./г. № 30

Шиелі кенті поселок Шиели

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудыжүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту,конкурстық комиссияның хатшысы мен өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 2019 жылғы 21 маусымдағы №257 бұйрығымен бекітілген конкурстық комиссияның құрамына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңының 63-бабына, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 56-тармақшасына және Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №70 қаулысымен бекітілген бөлімнің Ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Конкурс тәсілімен мемлекеттіксатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын және өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 2019 жылғы 21 масымдағы №257 бұйрығымен бекітілген конкурстық комиссияның құрамына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

№3469469-1 "Шиелі кентіне 7 дана бейнебақылау камераларын орнату жұмысы" мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша комиссия төрағасы Аман Дана Смаханұлы кезекті еңбек демалысына шығуына байланысты комиссия төрағасы Шиелі аудан тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы, сектор меңгерушісі Әбдікамалов Жүсіп болып өзгертілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негізі: Шиелі аудан тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі 2019 жылғы 15 тамыздағы №1-08/424 хаты.

Бөлім басшысы **Қ. Рахманбердіұлы**

000345